**«6D020100 – Философия мамандығы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Калдаева Бану Станбековнаның «ҚАЗАҚТЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ ФЕНОМЕНІ» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

# СЫН-ПІКІРІ

| р/н № | Критерийлер | Критерийлер сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|---|---|---|---|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: | Еліміздегі ғылымның даму бағыттарының басымдылықтарының ішінен - 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен - 7.2. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: 7.2.6. Қоғамды жаңғырту жағдайындағы тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен құндылықтардың ортақтығы бабына сәйкес келеді |
| | | 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);<br>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)<br>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) | 6D020100 – Философия мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландыратын докторантура аясында дайындалған диссертациялық жұмыс. Диссертация нақты мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған.<br>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен еліміздегі ғылым дамуының 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер басымдығына сәйкес келеді. |
| 2. | Ғылымға | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы | Диссертация жұмысының зерттеу тақырыбын қарастыру ғылымға елеулі үлес қосады. Өйткені автор әйелдің рухани табиғатын |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | маңыздылығы | ашылған/ашылмаған. | философиялық талдау арқылы маңызды теориялық және практикалық нәтижелерге қол жеткізгені байқалды. |
| 3. | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі:<br>1) **жоғары;**<br>2) орташа;<br>3) төмен;<br>4) өзі жазбаған | Автордың жұмысты өзінің дербес түрде жазу деңгейі жоғары. Автор мәселені ғылыми баяндай отырып нақты сілтемелерді керекті жерінде орынды келтіреді және сонымен қатар еңбектің мәтінін жазу стилі жеткілікті ғылыми сипатта екені байқалды. Автор мәселені ғылыми баяндау стилін меңгерген. |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:<br>1) **негізделген;**<br>2) жартылай негізделген;<br>3) негізделмеген. | Диссертация тақырыбының өзектілігі күмән туғызбайды және қазақ философиялық дүниетанымындағы әйел проблемасының әр түрлі қырлары объективті үдерістермен байланыстырыла негізделгені байқалды. Әлемдік және отандық деңгейдегі интеграциялық үрдістердің, дүниетанымдық үлгілердің әйел феноменіне де тікелей әсер ететіндігі ғылыми байыпталғаны байқалды. |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды<br>1) **айқындайды;**<br>2) жартылай айқындайды;<br>3) айқындамайды | Диссертациялық жұмыстың мазмұны негізінен диссертация тақырыбын толықтай айқындайды. Тақырыптың негізгі арқауы мен мәтінде баяндалуы оның қоғамда және флософия саласында теориялық және практикалық маңызы бар мәселе екенін көрсетеді. Философиялық талдау тұрғысынан әйел мәселесі жан-жақты қарастырылған және қазақ даналығының озық үлгілері мен тәжірибелері дәлел ретінде келтірілген. |
| | | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:<br>1) **сәйкес келеді;**<br>2) жартылай сәйкес келеді;<br>3) сәйкес келмейді | Диссертацияның тақырыбына сәйкес жұмыстың құрылымы қалыптастырылған және оның мақсат пен міндеттері зерттеужің бағыт-бағдарына толық сәйкес келетіні байқалды. Жұмыс жоспары бірша жақсы құрылған және тақырыпты барынша кең ашып беріп отыр. Негізгі мақсат – әйел құбылысына қатысты әлемдік және отандық философиядағы теориялық және қолданбалы-практикалық қырларды ашып көрсету. Соған сәйкес диссертация мәтінінде көрсетіліп қойылғандай сегіз міндеттер кеңінен айшықталған. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:<br>1) **толық байланысқан;**<br>2) жартылай байланысқан;<br>3) байланыс жоқ | Диссертацияның құрылымы негізінен үш бөлімдерге жіктеліп, олар бір-бірімен логикалық тұрғыда толық байланысқан екен. Автор тақырыпқа қатысты алдымен ұғымдық және әдіснамалық мәселелерді философия тарихы тұрғысынан қарастырып алады. Содан соң автор қазақ философиясындағы әйел проблемасына қатысты әр қилы ұстанымдардың маңыздылықтарын қарастырады. Жұмыстың соңғы тарауында қазіргі қазақ қоғамындағы әйел мәселесі талқыланып, болашаққа болжамдар жасалады және гендерлік қатынастардың маңызды қырлары айқындалады. |
| | | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:<br>1**) сыни талдау бар;**<br>2) талдау жартылай жүргізілген;<br>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген | Автор диссертация ауқымыда барынша жаңа ғылыми шешімдер жасауға тырысады және осыған орай сыни талдаудың біршама элементтерін жұмыстан толық байқауға болады. Әсіресе жұмыста еліміздегі қазақ рухани мәдениетінің қалыптасуы ғылыми сараптамадан өткізіліп, бұл үдерістегі қазақ философиясының рөлі жақсы баяндалып беріледі. Дегенмен, жас маманға болашақта батылырақ өзінің авторлық позициясын айқындай түскені жөн деген пікірді білдіреміз. Мәселен, елімізде кейбір аймақтарда тозығы жеткен әйел құқығына нұқсан келтіретін дәстүрлер әлі де сақталып отыр. Осының себеп-салдарларын жұмыста сыни тұрғыда толығырақ және айқын көрсеткен артық болмас еді. Жалпы барлық шешімдер мен ұсыныстар біршама сыни талдаулардан өткізіледі. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) **<u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u>**<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағидаттары негізінен алғанда, яғни 75% жаңа болып табылады. Бірінші қағидат - әйел құбылысын ғылыми зерделеу үшін әлемдік және отандық философия дүниетанымына арналған тұжырымдамалар талдаудан өткізіледі, оның ұғымдық сипаты дәйектеледі, екінші қағидат – адамзат тарихындағы әйел философтарының шығармашылығы зерделеніп, мағыналық сипаты айқындалады, үшінші қағидат – әйелдің рухани табиғаты және оның әлеуметтегі ерекшеліктері әр қилы факторларды талдау арқылы сараптаудан өткізіледі және ерекшеліктері айшықталады, төртінші қағидат – зерттеу тақырыбына қатысты түркілік әлемнің дәстүріне мәдени-әлеуметтанулық талдаулар жасалып, нәтижелерін қазіргі заманмен байланыстыра ғылыми байыпталады, бесінші қағидат – қазақтың ақын-жырауларының шығармашылығындағы әйел бейнесі сарапталады, алтыншы қағидат – автор қазақ ағартушылығы кезеңіне назар аударып, әйел теңдігі мәселесін философиялық-антропологиялық мағынада ұарастырады, жетінші қағидат – XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының түбегейлі мағынадағы жаңаруға бет бұрған көзқарастарына әлеуметтік философиялық бағалаулар беріледі, сегізінші қағидат – қазіргі Қазақстан жағдайындағы гендерлі саясаттың мағынасы айқындалып, әйел мәселесінің терең иірімдері ұлт болмысының тағдырымен, тарихи өрбуімен астастырылады. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) **жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);**<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Диссертацияның негізгі қорытындылары философия тарихына арқа сүйей отырып, қазақ халқының рухани мәдениетімен көмкерілген екен. Автор өз қорытындыларында қазіргі Қазақстан жағдайындағы әйел феноменінің қоғамдағы мәдениетаралық қатынастарды үйлесімдендіру мен адам мен қоғам философиясын дамыту бағытындағы тұжырымдарды толықтыру үшін маңызды екенін байыптайды. Әрине, кейде зерттеушілер үшін бұрыннан белгілі тұжырымдар да келтіріледі. Дегенмен, авторды көптеген қорытындылары жаңаша сипатта келтірілген. Осыған орай диссертациялық жұмыстың ғылыми қорытындылары «75% жаңа» деп бағаланады. Автор болашақта гендер мәселесіне қатысты жаңа қырларды аша түседі деген ойдамыз. Себебі, әлемдегі көптеген мемлекеттер өздерінің әлеуметтік жыныс мәселесіне өздерінің әлеуметтік саясатында, өркениетінде үлкен маңыздылық береді. Сол озық тәжірибені қазіргі әділетті Қазақстанды қалыптастыру жағдайында ескерген жөн. Жалпы біздің дәстүріміз бен менталитетімізге жат түсініктер әйелдер дүниетанымына бойлап кетпеу үшін кеңірек сыни талдаудан өткені жөн. |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?<br>1) **толығымен жаңа;**<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Диссертациялық жұмыстың зерттеу тақырыбы мен нысаны ғылымдағы гуманитарлық салаға жатады. Ал енді жұмыстың негізгі мазмұны техникалық, технологиялық және экономикалық салаларға тікелей қатысты болмағанмен, автордың кейбір идеялары маңызды және оларды мемлекеттік басқару шешімдеріне қатысты қолдануға болады. Автор өзінің алға қойған мақсатына сәйкес ғылыми еңбекті табысты орындағандықтан, «толығымен жаңа» деген бағалауға ие болады. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары боынша) | Диссертациялық жұмыстың мазмұны мен құрылымы тақырыпқа барынша сәйкестендірілген және ғылыми қорытындылар мен нәтижелер ауқымды дәлелдемелерге сүйене отырып дәйектелген екен. Әйел феноменінің отбасындағы, әлеуметтегі өмірінің ерекшеліктері барынша ғылыми сұрыптаудан өткізіліп, оның мәдени-антропологиялық орны мен рөлі философиялық мәселе ретінде айқындалған. Автор болашақта қазақ әйелінің бойында кездесетін әр қилы мәселелерін өзінің шығармашылық практикасында зерттеу нысанына айналдырады деген үміттеміз. |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар | Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:<br>7.1 Қағидат дәлелденді ме?<br><u>1)</u> **дәлелденді;**<br>2) шамамен дәлелденді;<br>3) шамамен дәлелденбеді;<br>4) дәлелденбеді<br>7.2 Тривиалды ма?<br>1) ия;<br><u>2)</u> **жоқ**<br>7.3 Жаңа ма?<br><u>**1) ия;**</u><br>2) жоқ<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>1) тар;<br>2) орташа;<br><u>**3) кең**</u><br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br><u>**1) ия;**</u><br>2) жоқ | 7.1 Диссертациялық жұмыстағы негізгі қағидаттар негізінен дәлелденген және ғылыми тұрғыда дәйектелген екен. Автор осы бағытта философия мамандығымен қатар жалпы гуманитарлық ғылымдардың көптеген әдіснамасы мен әдістемесіндегі тәсілдерді пәнаралық байланыс деңгейінде сәтті қолдана білген.<br>7.2 Диссертациялық еңбек қағидаттары тривиалды, яғни үстірт емес. Бұл пункт бойынша «жоқ» деген баға беріледі. Автор әрбір нәтижені теориялық тұрғыдан зерделеуден өткізіп, оқырманға ұсынғаны байқалды. Сонымен қатар теориядан практикаға шығудың жолдарын да іздеуге талаптанады. Осы бағытта қазақ әйелінің заманауи көзқарастарын айқындай түсетін көптеген сыни зерделеулер болашақта жасау да қажет.<br>7.3 Негізгі қағидаттардың барлығының жаңалығы бар деп бағаланады. Жалпы қағидаттардың жалпы саны сегіз екені байқалды. Бірінші қағидат әйел құбылысын түсіну үшін маңызды тарихи-философиялық тұжырымдар жүйеленген, екінші қағидат – адамзат тарихындағы әйел философтардың шығармашылығы алғашқы рет жүйелі сарапталады, үшінші қағидат – әйелдің қоғамның мүшесі ретіндегі әлеуметтік-мәдени өмірінің ерекшеліктері тереңінен айшықталады, төртінші қағидат – |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | тақырыпқа қатысты түркілік әлемдегі танымдық зерттеулер нәтижелері ғылыми байыпталады, бесінші қағидат – қазақтың рухани мәдениетінің, дүниетанымының шынайы бастаулары ақын-жыраулардың шығармашылығында екендігі дәйекті пайымдалады. Алтыншы қағидат – қазақ ағартушыларының гуманистік шығармашылығы талдаудан өткізіледі. Жетінші қағидат – қазақ зиялыларының әйелдің теңдігі үшін күресі зерделеніп, дәлелді өрнектеледі. Сегізінші қағидат – заманауи кезеңнің әйел мәселесіне қатысты проблемалар топтамасы философиялық талдау арқылы бағамдалады. Сондықтан бұл өлшемдер бойынша жұмысқа «Иә» деген баға берілді.<br>7.4 Диссертациядағы қағидаттардың теория мен практикадағы қолдану деңгейіне «кең» деген баға берілді. Ғылыми нәтижелерді жоғарғы мектептегі гуманитарлық пәндердің, яғни философия, тарих, құқық, әдебиет, тіл және мәдениет саласында, мемлекеттік органдардың қызметі ауқымында пайдалануға болады. Сондықтан нәтиже сараптамашы тарапынан «кең» деп бағаланды.<br>7.5 Жұмыстың негізгі қағидаттары жарияланымдар деңгейінде жеткілікті дәлелденген, сынақтан өткен деп бағаланады. Мақалалар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарық көрген екен. Талапқа сай «Скопус» тізіміндегі мақаласы жарияланған. Бұл мағынада автордың жарияланымдары талаптарға сәйкес келеді. Сондықтан жалпы алғанда «Иә» деген баға беріледі. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 8. | Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | 8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған<br>1) **ия;**<br>2) жоқ | Жұмыстағы ғылыми әдістеменің таңдалуы автор тарапынан жеткілікті деңгейде негізделген. Философия тарихы мен мәдени-антпрологиялық мәселелерге, әдістемелерге көп мән беріледі. Сондықтан әдіснама мен әдістеме сараптау тұрғысынан «иә» деген жауапқа сәйкес. Өйткені автор ғылыми әдістеменің әдеттегі дәстүрлі жолдарымен қатар инновациялық тәсілдерді, пәнаралық методтарды қолдануға талпынған. Болашақта тақырып бойынша әлеуметтік-психологиялық зерттеулерді кеңейткені орынды деген пікірдемін. |
| | | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:<br>1) **ия;**<br>2) жоқ | Диссертациялық жұмыстың мәтінін қалыптастыру барысында автор тарапынан ғылыми зерттеулерге қатысты заманауи компьютерлік технологиялық әдістер мен деректер жақсы қолданылғаны байқалды. Автор озық компьютерлік игерулер арқылы зерттеу нәтижелерін қорытындылай алған. Сонымен қатар ол өзінің нәтижелерін жақсы дәйектейді. Сондықтан бұл сала бойынша диссертация мәтініне берілген бағалау «Иә» деген жауапқа толық сәйкес келеді деген ойдамын. |
| | | 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):<br>1) **ия;**<br>2) жоқ | Автор әр түрлі шығармаларға сілтемелер жасау тұрғысынан алғанда әйел феномені тақырыбына жарияланған ғылыми әдебиеттер философия саласының өзінде біршама көп екенін танытады. Бірақ кейде кейбір орыс тілді әдебиеттерден алынған дәйексөздер қазақ тіліне аударылмай диссертациялық мәтінде сол күйі беріледі. Меніңше, автордың қазақ тіліне жетік болғандықтан оған аударма жасауға мүмкіншілігі жеткілікті деңгейде. Автор өз жұмысында теориялық қорытындыларды күшейту мақсатында тақырыпқа қатысты шетелдік және отандық авторлардың біршама маңызды еңбектерін қамти алған және оларды тиісті жерінде орынды қолдана білгені байқалды. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған | Диссертациялық жұмыста пайдалананылған әдебиеттер тізімі философиялық мағынаға сәйкес келеді және ғылыми әдеби шолуға қатысты талаптарға негізінен жеткілікті. Автор адам, дүниетаным, ұлт философиясы, рухани мәдениет, гендер сияқты ұғымдарға қатысты ғылыми әдебиеттерді мәтінде жинақтай алған екен. Көптеген сілтемелерге толықтай алғанда автор тарапынан сыни түсіндірмелер берілген екен. Бірақ кейде баяндай стилімен өтіп кететін кездер де кездеседі. Жалпы диссертацияда келтірілген кейбір сілтемелер автордың еңбегіндегі ғылыми нәтижелерді дәйектеуге көмектесетінін байқауға болады. Дегенмен, қоғамдағы ерлер мен әйелдердің өзара өмірмәндік қатынастарын нақтылай түсу үшін еліміздегі бұқаралық мәдениеттің қайшылықты тұстарын автор өзінің болашақ ғылыми еңбектерінде кеңейте түседі деген үміттемін. Себебі, гендерлік қатынастарға ұлт болмысының түптамыры негізделетінін айта аламыз. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз | Жұмыста пайдалананылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға негізінен жеткілікті. Автор тақырыпқа қатысты ғылыми әдебиеттерді жинақтай алған. Әрине, қазақ әйеліне қатысты тәуелсіздік жылдары жарық көрген кейбір еңбектерді, түсініктерді, әлеуметтік желілердегі қоғамдық пікірлердің алуандығын да көрсетіп беруге болар еді. Олар әдеби шолудың ауқымын да практикалық салаға қарай кеңейте түсері анық. Дегенмен, автор диссертацияда алға қойған мақсат, міндеттеріне толықтай жауап беретін философиялық және тарихи еңбектерді жеткілікті қамти алған деген пікірдемін. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 9 | Практикалық құндылық принципі | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:<br>1) **ия;**<br>2) жоқ | Зерттеу тақырыбының теориялық маңызы зор. Себебі әйел құбылысы әлем тарихында, қазіргі тәуелсіз Қазақстан жағдайында да, әлеуметтік ғылымдар саласында да өзінің теориялық және практикалық маңыздылығын төмендетпейді және белсенді түрде зерттелуде. Сондықтан бұл жерде «Иә» деген жауап беріледі. |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:<br>1) **ия;**<br>2) жоқ | Диссертация жұмысының мазмұнындағы алынған ғылыми қорытындылардың заманауи кезең үшін практикалық маңызы зор және оларды еліміздің әлеуметтік салаларында, мемлекеттік басқаруда қолдануға болады. Себебі, Қазақстан Республикасы тәуелсіздік жылдары әйел мәселесіне өркениеттік елдердегідей қатынас жасауға тырысады. Сондықтан «Иә» деген жауап берілді. |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) **жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);**<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Жұмыста келтірілген практикалық ұсыныстар негізінен жаңа, яғни 75% жаңа болып табылады. Олар жалпы мемлекеттік органдар жұмысы мен Қазақстан жоғары білім беру саласының практикалық іс-қимылдарымен астастыра көрсетілген. Автордың ұсыныстары еліміздегі адамаралық қатынастарды үйлесімдендіруге өзінің игі ықпалын тигізеді. Әрине, автор болашақ еңбектерінде қоғамда орын алатын кейбір қайшылықты мәселелерді кеңінен аша түскені де орынды. |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы:<br>1) **жоғары;**<br>2) орташа;<br>3) орташадан төмен;<br>4) төмен. | Дисертациялық жұмыстың академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде. Себебі, автор негізінен теориялық және әдіснамалық тұрғыда ғылыми ортада кең тараған философиялық талдаудың тәсілдерін жақсы меңгерген. Автор тақырыпты философиялық зерделеудің, мәдени-антпрологиялық сараптаудың қисындарын жазу барысында сәтті қолданғаны байқалды. |

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

**6D020100 – «Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Калдаева Бану Станбековнаның «ҚАЗАҚТЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ ФЕНОМЕНІ» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.**

**Ресми рецензент:**
**ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану Институты, философия ғылымдарының докторы, профессор** _______________ **Нұрмұратов Серік Есентайұлы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің "Философия, саясаттану және дінтану институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

Республиканское государственное казенное предприятие "Институт философии, политологии и религиоведения" Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан

Нұрмұратов С.Е. қолын растаймын
подпись заверяю
кадр бөлімі
отдел кадров